

● ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

Мерекелік шаралар таңертеңгісін ерте басталып кетті. «Сыр ана» монументінен басталған автошеру орталық алаңға келіп тоқтады. Түрлі спорттық ойындар, ауылшаруашылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

«Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір» барлық ұлт өкілдері бұл күні орталық алаңнан табылып, айтулы мерекенің сәнді де мәнді өтуіне атсалысты.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10

АҚПАН
СЕЙСЕНБІ

2015 ЖЫЛ
№20 (18908)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz



БІР ТАҒДЫР, БІР МАҚСАТ, БІР ЕЛ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ ЖҰМАСЫНДА СЫР ӨңІРІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖЫЛЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ



Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты. Алдымен Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының туын көтеру рәсімі өтті. Онда алғашқылардың бірі болып облыстың құрметті азаматы, ардагер Алма Ақдәулетова сөз алып, қызылордалықтарды Ассамблея жылының ашылуымен құттықтады.

– Құрметті жерлестер! Бүгін біз Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының туын көтеру рәсіміне жиналып тұрмыз. Биыл

Ұлт Қошбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен құрылған еліміздегі бірегей құрылым – Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толып отыр. Ассамблея жылымен қатар Конституциямыздың 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы кең ауқымда аталып өтілетін болады. Бұл айтулы мерекелерді бір-бірінен бөліп-жаруға болмайды. Біз жұдырықтай жұмылған бірлігімізбен, тату-тәтті

тірлігімізбен әлем елдеріне үлгі болып отырмыз. Бүгін міне, республикамыздың барлық өңірінде Ассамблея туының көтерілуі мызғамас бірлігіміз бен ыдырамас ынтымағымызды тағы бір дәлелдейді. Этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің тірегі – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы құтты болсын! Халқымыздың ауызбіршілігі мен достығы мәңгі сақталсын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, ғұмыры баянды болсын, – деген Алма



Ақдәулетова ақ тілегін жеткізді.

Сондай-ақ өзбек этномәдени бірлестігінің жетекшісі Ашур Хамидов және №2 «Мұрагер» мектебінің 11-сынып оқушысы, халықаралық олимпиада жүлдегері Дарья Маркова да барша қызылордалықтарды атаулы жылдың ашылуымен құттықтап, мерекелік лебіздерін білдірді. Мұнан соң жиылғандар Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының туын көтеру рәсіміне куә болды. Туды кәріс халқының ұлттық батыры Ге Бон У-дың ұрпағы Ге Хак Рим, Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының мүшелері Милияр Арифов пен Ильдар Гафуров көтерді. Жастар жағы арнайы флеш-моб ұйымдастырып, Ассамблея жылының логотипі белгіленген 500 шарды әуеге ұшырды. Мерекелік шара Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма тетарында жалғасты.

Театр фойесінде этномәдени бірлестіктер ұйымдастырған көлөнер бұйымдарының көрмесі көпшілік назарын аударады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының салтанатты ашылуында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев татулық пен тұрақтылық, бірлік пен достық, келісім мен ізгіліктің символы саналатын Ассамблеяның орны қай кезде де ерекше екендігіне тоқталып, Елбасының құттықтау сөзін оқыды және қызылордалықтарды атаулы жылдың ашылуымен құттықтады.

2-бет

● МӘЖІЛІС

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ САЛАСЫНЫҢ жауапкершілік жүгі жеңілдемейді

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен өткен облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының алқа мәжілісінде жыл қорытындысы шығарылып, алдағы кезеңнің міндеттері белгіленді. Бүгінде азаматтардың жұмыспен қамтылуы әлеуметтік-қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудің алғышартына айналды. Сонымен бірге мүгедектердің құқығын қорғап, өмір сапасын жақсарту күн тәртібінен түскен емес.

– Елбасымыз еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аса мән беріп отыр. Қазіргі таңдағы жағдай біздің жинақы болуымызды және барлық күштерді жұмылдыруымызды талап етеді. Осы-

дан біраз уақыт бұрын Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық даму бойынша соңғы орында болатын, алайда, қазіргі таңда даму жағынан біз алдыңғы бес көшбасшы аймақтың ішіндеміз. Қаржы министрлігінің деректеріне сәйкес, Қызылорда облысында қаржының басым бөлігі әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалады. Біз – маргиналды жастармен жұмыс жасау бойынша жол карта-сы жасалып жатқан жалғыз аймақпыз. Мұның қаншалықты күрделі және маңызды мәселе екенін өздеріңіз де білесіздер, – деді аймақ басшысы.

Мұнай бағасының төмендеуі мен экономикалық одақтас мемлекет – Ресейдегі жағдай экономика-ны тұрақтандыру, аймақ өнеркәсібін әртарапандыру шараларын ширатуы талап етеді. Жыл ішінде жұмыссыздық деңгейі 5 пайызға дейін төмендеп,

жұмысшыларына қарыз болған берешек компаниялардан жалақыны өндіріп алу бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Құқықтық сауаттың төмендігінен жұмысшылар еңбек шартын жасамайды. Кейін еңбекқақысын ала алмай әуре-сарсаңға түседі. Жұмыстан қысқару, уақытылы жалақы алмау сияқты қиындықтарға тап болған азаматтар ең бірінші әлеуметтік қорғау органдарына маңдай тірейді. Мұқтаж жандардың мәселесін шешуге барынша көмек көрсету, қолдау білдіру – әлеуметтік сала қызметкерлеріне әуел бастан жүктелген міндет. Ал бүгінгідей сын-дарлық кезеңде сала қызметкерлерінің иығындағы жауапкершілік жүгі бұрынғыдан да ауырлай түсті. Баскарма мен бөлімдерге шешілмеген мәселесін айта келген әрбір азаматтың арызы дер кезінде тексерілуі, нәтижесі

бақылауда болуы керек.

Мәжілісте облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Жазира Жылқышниева, Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Ержан Әжікенов, Жаңақорған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Молдахмет Ауанов мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруда қол жеткен жетістіктерді, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау шаралары туралы хабарлама жасады.

Мәжіліс қорытындысында әлеуметтік мекемелерге жұмысшылар құқы бұзылуының алдын алу, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға барынша қолдау көрсету жүктелді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

● НАЗАР

ЖАЛАҚЫНЫ УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕУ күнделікті бақылауда болатын өзекті мәселе

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен өткен дағдарысқа қарсы штаб отырысында әлеуметтік наразылықтың алдын алуға бағытталған, атап айтқанда, жалақыны уақытылы төлеу, жұмыс орындарын сақтау мәселелері талқыланды.

– Кәсіпорындардың, шаруашылық субъектілерінің жалақыға қарызын өтемеуі бұл өзекті мәселелердің, әлеуметтік шиеленіске алып келуі мүмкін жағдайлардың бірі деп қарауымыз керек, – деді күн тәртібіндегі мәселеге қатысты облыс басшысы, – өткен жылы бұл бағытта прокуратура органдарымен бірлескен нәтижелі жұмыс жүргізіліп, жыл аяғына таман жалақыға қарыз мөлшері төрт есесен астам қысқарып, бар болғаны 11,6 млн теңге қарыз қалды. Ол белгілі «МИГ-21» ЖШС. Ал енді былғы жағдайға келетін болсақ, 30 қантарда жеті мекеменің жалақыға қарызы 160 млн теңгеге құрап отыр.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Нұрлыбек Жолдасбаев штаб отырысына қатысушыларға

жалақыға қарызы бар мекемелер туралы деректерді жеткізді. Бүгінгі таңда 1327 жұмысшыға 160 млн теңге жалақысы бар мекемелердің тізімін «МИГ-21» ЖШС бастап тұр. «Латунь» ЖШС сегіз жұмысшыға 857 мың теңге, «Қызылордасу» ЖШС кәсіпорны 700 жұмысшыға 77 млн. теңге, «Азия» ЖШС 180 жұмысшыға 29 млн теңге, «КазРосмұнай» ЖШС 200 жұмысшыға 24 млн теңге, «Сұңқар» ЖШС 86 жұмысшыға 61,1 млн теңге және «Сексеуіл су құбыры» мекемесі 40 жұмысшыға 1,5 млн теңге қарыз болып отыр. Баскарма басшысы осыған байланысты 4 апканда прокуратура қызметкерлері қатысуымен басқосу өткізгенін жеткізді. Бұл жында жалақыға қарызы бар мекемелер басшылары өздерінде орын алып отырған

көмшіліктерді мойындап, жалақы қарызын жою туралы шараларды тездетуге уәде берген. Атап айтқанда, «Қызылордасу» ЖШС басшылығы 9 ақпан күні жалақы қарызынан құтылатынын айтқан. Өйткені, мекеме есепшотына 81 млн теңге қаржы түсіп отыр. «КазРосмұнай» басшылығы 20 ақпанға дейін қарызын жабуға уәде берген. Сатуға шығарып қойған мұнайы бар және бұларға қарыз субъектілермен жұмыс жүргізілетін болады. «Азия» серіктестігінде күнделікті түскен қаржыны ешқайда жібермей, жалақыға төлеу ұйымдастырылуда. Осылайша 65 млн теңгелік алғашқы қарыз көлемі 29 млн теңгеге түсті. «Латунь» ЖШС басшылығы бір миллион теңгеге жетпейтін қарызын 25 ақпанға дейін төлеп құтылуға уәде беріп отыр. Баскарма басшысы Шаған ауылындағы мектепті салуға қатысқан «Сұңқар» ЖШС-да қиын жағдай қалыптасып отырғанына отырысқа қатысушылар назарын аударды. Серіктестіктің мемле-

кеттен алашақ 96 млн теңге қаржысы бар. Ал облыстық құрылыс басқармасы соттың шешімі шықпай бұл қаржы берілмейтінін айтып отыр. Ал сот қашан аяқталады және қандай шешім шығаратынын белгісіз. Егер ол шешілмеген жағдайда қиын жағдай қалыптасуы мүмкін. Қазір жұмысшылардың бәрі арыз жазуда. Н.Жолдасбаев «Азия» және «Латунь» серіктестігі басшыларына қатысты қылмыстық іс қозғалғанын да айтып өтті. Сол секілді, өткен жылы жұмысшыларымен арадағы кейбір келіспеушілікке қатысты орын алған келенсіз жағдайларға байланысты «Дөнекер» серіктестігі басшылығына және «Сиву-Қызылорда» мекемесінің еңбек қауіпсіздігіне жауапты тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғалған.

Баскарма басшысы сөз соңында облыс әкімі тапсырмасына орай аймақтағы жұмыс берушілермен жұмысшыларын қысқартпау туралы меморандумға отыру жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Бүгінгі күнге дейін

мұндай 563 меморандумға қол қойылған. Меморандумға отырушылар негізінен ірі және орта кәсіпорындар. Бұл жұмыс әлі жалғасу үстінде.

Облыс әкімі штаб отырысына шақырылған жалақыға қарызы бар мекеме басшыларына 15 ақпанға дейін толық құтылу туралы талап қойды. Мейлі мүліктерін сатып немесе құрылыс материалдарымен, техникалармен мен есептесе де қарызын жабуы тиіс. Қырымбек Елеуұлы бюджеттік бағдарламалармен жұмыс істейтін басқармалар мен департаменттер өз салалары бойынша мониторинг жүргізіп, жалақының уақытылы төленуін бақылап отыруы тиіс екенін қалап айтты. Қандай да бір мәселе туындап жатса, еңбек инспекцияларымен, басқа да құзырлы органдармен желел түрде тиісті шаралар қолға алынуы тиіс.

– Егер мұндай ақпаратты жасырып қалу, оған қарсы уақытылы шараларды қолға алмау бұл мемлекетке қарсы жасалған қылмыс деп есептелуі тиіс. Бұл жағдайда жауапты тұлғаның атқарып отырған қызметіне сәйкестігі қаралатын болады, – деді сөз соңында облыс әкімі.

Ыдырыс
ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2013 жылғы 15 тамыздағы №615 Жарлығына сәйкес, Қызылорда облысының әкімі **Қырымбек Елеуұлы Көшербаев 2015 жылғы 18 ақпанда сағат 11.00-де** Н.Бекежанов атындағы драма театры халық алдында есеп береді.

Халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлері үшін арнайы жөшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған:

Арал ауданы бойынша: аудан әкімдігі ғимараты, аудандық мәдениет үйі ғимараты.

Қазалы ауданы бойынша: аудандық пошта, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қазалы темір жол вокзалы.

Қармақшы ауданы бойынша: Жосалы кенті әкімі аппаратының ғимараты, Вокзал ғимараты, «Халық Банкі» АҚ аудандық бөлімшесінің ғимараты, «Қазпошта» аудандық байланыс мекемесінде.

Жалағаш ауданы бойынша: Аудан әкімі аппаратының ғимараты, аудандық мәдениет үйі ғимараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы.

Сырдария ауданы бойынша: Аудандық мәдениет үйі, аудан әкімдігі ғимараты, №35 орта мектеп, №36 орта мектеп, №210 орта мектеп, аудандық орталық аурухана, кент әкімдігі ғимараты, №131 орта мектепте.

Шиеді ауданы бойынша: Темір жол вокзалы, «Халық Банкі» филиалы, Халыққа қызмет көрсету орталығы, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы.

Жанақорған ауданы бойынша: Аудан әкімі аппаратының ғимараты, Жанақорған кент әкімдігінің ғимараты.

Қызылорда қаласы бойынша: Темір жол вокзалы ғимараты, «Жайна» базары, «Арзан» базары, «Жаңа базар» базары, «Сыбаға» базары, «Универсам» сауда үйі, Автовокзал ғимараты, Титов қыстағы М.Ерғалиева атындағы мәдениет үйі, Өзгеші ғимаратында орналастырылған.

Ескертпе: Барлық аудандардағы, Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттерде әкім аппараты немесе ауылдық клуб ғимараттарында жәсіктер орналастырылған.

● ЖОБА ЖЕМІСІ

ЕКІ МЫҢ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ

Қызылорда облыстық әкімдігі мен Қазақ медициналық Ұздіксіз білім беру университетінің ынтымақтастығы аясында денсаулық сақтау ұйымдарының 1694 қызметкері қайта даярлаудан өтіп, білімдерін жетілдірді.

ҚазМУББУ елдің денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚР денсаулық сақтау қызметкерлерінің білімін үздіксіз кәсіби тұрғыда дамытуға үлестерін қосып, кәсіби медициналық тәжірибеде білім мен дағдыларды жаңарту, дамыту және жетілдіру құралы ретінде жаңартылған әдіс-тәсілдерді жүргізіп келеді.

2014 жылы 1694 маман әртүрлі білім беру бағдарламалары бойынша қайта даярлаудан өтті. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 648 маманға артық.

Жыл бойына облыс көлеміндегі ауылдық емханалардың қызметкерлерін ҚазМУББУ-

дың терапия, медициналық оңалту, неврология, акушерлік және гинекология, дерматолог, физиятр, жалпы дәрігерлік тәжірибе, нефрология, фармакология секілді 67 кафедра оқытушылары келіп оқытқан.

Нәтижесінде дәрігерлер мен медбикелердің білімдері мен дағдыларын жетілдірудегі іссапар шығындары миллиондаған теңгеге үнемделді. Тек 9 мамандық бойынша ауылдық емхана дәрігерлері Алматыдағы ҚазМУББУ-дың білім базасында қайта даярлаудан өткен. Өз кезегінде, ынтымақтастық туралы меморандум аясында облыс тұрғындарын ҚазМУББУ-дың профессорларынан консультативтік-диагностикалық көмек алуға мүмкіндік тулды.

Бұл бастама облыстың денсаулық сақтау саласында мамандар жетіспеушілігі мен білікті кадрларға деген сұраныстан туындап отыр.

Барлыбек БАТЫР.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 34 сессиясы 2015 жылғы 13 ақпанда сағат 16-00-де облыстық мәслихаттың мәжіліс залында (облыстық мекемелер Үйі) ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысының басқару схемасына өзгерістер енгізу туралы.
2. Қызылорда облысы әкімдігінің дербес құрамына өзгерістер енгізуге келісім беру туралы.
3. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2015 жылғы 13 ақпанда сағат 15-00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

БІР ТАҒДЫР, БІР МАҚСАТ, БІР ЕЛ



—Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының салтанатты ашылуы еліміз бойынша бір мезетте барлық өңірде өтіп жатыр. Қазақстанда тату-тәтті тұрып жатқан түрлі ұлттар мен ұлыстардың достығы мен бірлігіне әлем таңқалып, Отанымыз достықтың құтты ұясы, бауырластар мекені атанды. Оның жарқын көрінісі Елбасының бастамасымен өмірге келген Қазақстан халқы Ассамблеясына биыл 20 жыл. Бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, — дей келе, аймақ басшысы Қазақстан

халқы Ассамблеясының төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауын оқыды. Онда: «Біз осы бір жылды өміріміздегі ең маңызды құндылықтар: Тәуелсіздік, еркіндік, бірлік, Қазақстан халқының бейбітшілігі мен келісіміне арнайтын боламыз. 20 жыл ішінде ҚХА шын мәнінде жалпыхалықтық, жалпыадамзаттық, саясатүсті орган болып қалыптасты, Конституциялық дәрежеге жетті. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жалпыхалықтық өкілдіктің институты,

азаматтық қоғамның авангарды болып отыр», — деп атап айтқан Елбасы.

Мерекелік шара одан әрі түрлі қойылымдармен, жергілікті өнерпаздардың ән шашуымен жалғасты.

Осы күні облыстың жеті ауданында, сонымен бірге «III Интернационал» ауылы мен Төреғам кентінде де Ассамблея жылының ашылу салтанаты кен ауқымда ұйымдастырылды. Барлық елді мекендер-

де түрлі мәдени-көпшілік шаралар өткізілді. Қызылорда қаласында да бірқатар шаралар болып өтті. Қоғамдық көліктерде, базарларда, ірі сауда орындарында, халық көп шоғырланатын жерлерде Ассамблеяның қалталық күнтізбелері, буклеттер таратылды.

Жалпы Қазақстан халқы Ассамблеясына арналған шаралар жыл бойына жалғасатын болады.

Айнұр БАТТАЛОВА.



БРИФИНГ



Санитарлық-эпидемиологиялық қызметі қазіргі уақытта Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті болып өзгергені белгілі. Ал уәкілетті орган ҚР Ұлттық экономика министрілігі болып өзгерді. Департаментке тұтынушылардың құқығын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық, тауарлардың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету міндеттері жүктелген. Соған сәйкес, тұтынушылардың құқығын қорғау, техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімдері құрылған. Бұл туралы аталмыш департаменттің басшысы Рәзқұл Нұртаев «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте айтып берді.

ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ МІНДЕТІ

“Сыр медиа” ЖШС-ның коммуникациялар орталығында журналистермен жүздескен облыстық еңбек саласының бақылау басқармасының басшысы Нұрлыбек Жолдасбаев басқарманың өткен жылы атқарған жұмыс қорытындылары жөнінде тартатын айтып берді.

Басқарма басшысының айтуынша, өткен жылы мемлекеттік еңбек инспекциясы әр түрлі меншіктегі 301 мекемелер мен кәсіпорындарға тексеру жүргізген. Тексерулер нәтижесінде 563 заң бұзушылық фактілері анықталып, жұмыс берушілерге заң бұзушылықтарды жою туралы 186 ұйғарым берілген. Жалпы инспекция өткен жылы ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес 5,8 млн теңге көлемінде 189 айыппұл салған.

Еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауапты лауазымды тұлғаларға қатысты іс қорғау үшін 50 іс, оның 38-і ішкі істер басқармасына, 12-сі талап арызды мәжбүрлеп орындау үшін сот органдарына жолданған. Негізгі елімізде шағын және орта бизнес субъектілеріне тексеру жұмыстарын жүргізуге мораторий жариялануына байланысты 2013 жылмен салыстырғанда тексеру саны өткен жылы 52,8 пайызға төмендеген.

Басқарманың басты жұмысының бірі – жалақының уақытты төленбеуіне бақылау жүргізу. Осы мақсатта құзырлы органдармен бірлесіп еңбек заңнамаларының сақталуына жо-спарлы әрі кешенді және жоспардан тыс тексерулер жүргізіліп, жалақыдан қарызы бар мекемелер анықталып, оларға монито-

ринг жүргізіліп келеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде салыстырмалы түрде алғанда жалақы қарызы 77,8 пайызға төмендеген. Яғни, 2014 жылдың I қантарына жалақы қарызы 9 мекемеде 1116 жұмысшыға 49,3 млн теңгені құрап отыр. Жұмысшыларға 11,6 млн теңге жалақы қарызы бар “Мир-ХХІ” ЖШС банкрот деп жарияланған. Енді серіктестіктің дүние-мүлкі сатуға шығарылып, жұмысшылардың қарызы сол арқылы төленбекші. Мұнан бөлек прокуратура органдарымен бірлесіп жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сегіз мекеменің жалақыға қарыз 37,7 млн теңгесі де өндірілген. Сонымен қатар тұрғындардың арыз-шағымдары бойынша 31 мекеменің 2735 жұмысшысына 301 млн теңге де өндіріліп берілген. Жалпы жалақы қарызы 49,3 млн теңгені құраған тоғыз кәсіпорын бойынша атқару жұмыстары сот орындаушыларға жолданып, қарызы 34,9 млн теңгені құраған үш жұмыс берушіге қатысты қылмыстық іс қозғалған. Сондай-ақ тоғыз кәсіпорынға заң бұзушылықты жою туралы ұйғарым беріліп, жалпы 1298200 теңге көлемінде айыппұл салынған. Негізгі кәсіпорындардың жалақыға қарыздарын өтеу жөніндегі жайларын басқарма мамандары тұрақты бақылауға алған.

Қандай жұмыс барысында болмасын жазатайым жағдайлардың кездесіп тұратыны бар. Өткен жылы осындай 70 жазатайым оқиға тіркелген. Оның 53-і жұмыс барысына байланысты тіркеліп, 103 адам зардап шеккен. Соның ішінде 50-і ауыр шығынмен болса, 14 жағдайда адамдар

жылмен салыстырғанда 24,1 пайыз төмендеді. Өткен жылы кенеге қарсы өңдеу шараларына 201,4 млн теңге, қолайсыз елді мекендердің төңірегінде санитарлық-қорғаныс белдіктерін құру үшін 30,1 млн теңге бөлінді. Нәтижесінде қолайсыз болып есепке алынған 116 елді мекен аймағында санитарлық қорғаныс құрылып, жер аумағында көктем-күз айларында өңдеу жұмыстары жүргізілді. 1087 адамды кене шағу жағдайы тіркеліп, оның 87-сі ауруханаға жатқызылып, медициналық бақылауға алынды. Құтырма ауруының алдын алу мақсатында 32 млн теңге қаржы бөлініп, егесіз иттер мен мысықтардың көзі жойылды.

Нысандарды жоспарлы тексеру саны 2,4 есеге төмендетілді. Кәсіпкерлік саласы нысандарын заңсыз тексерулер және кәсіпкерлерден тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласы мамандары қызметіне шағымдану орын алған жоқ. Есепті мерзімде жоспарлы түрде, 385 нысан, жоспардан тыс 426 нысан тексерумен қамтылып, санитарлық талап пен ережелерді бұзған лауазымды және жеке тұлғаларға 846 рет айыппұл салынды.

Департамент басшысы атап өткеніндей,

«Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі» заңды әлемдік әдістерге сүйене отырып, жаңа редакция дайындау басталды. Бүгінгі күні нысандар эпидемиологиялық маңызы жоғары, маңызы елеусіз және маңызы жоқ нысандар болса, жаңа жоба бойынша тексеру жоспарлығына эпидемиологиялық маңызы жоғары және елеусіз нысандарда ғана сақтау ұсынылады. Бұл ретте, бірінші топтағы нысандарда нысандарға қатысты тексеру кезеңділігі тоқсан сайынғының орнына жарты жылда бір ретті құрайды. Ал екінші топтағы нысандарға қатысты қазіргі жарты жылдың орнына жылына бір ретке ауыстырылды. Бақылаудағы нысандардың жалпы санының 60 пайыздан астамын құрайтын үшінші топтағы нысандарды тексерулерді толық болдырмау ұсынылады. Осылайша, жоспарлы тексерулер санын 3 есе қысқарту жөзделуде. Жеке кәсіпкерлерге берілетін рұқсат құжаттарының түрлерін азайту, стратегиялық және эпидемиологиялық маңызы жоқ нысандардың санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыларынан бас тартылады.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Облыс әкімінің 2015 жылғы 5 ақпандағы өкімімен Салыбаев Бахытжан Әбдіқалықұлы Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Бахытжан Әбдіқалықұлы 1955 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын - математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Педагогика ғылымдарының докторы, академиялық профессор.

Еңбек жолын 1976 жылы орта мектеп мұғалімі ретінде бастаған. 1981-1993 жылдары - Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының оқытушысы, аға оқытушысы, 1993-2011 жылдары - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, бірінші проректоры, 2011-2012 жылдары - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің бірінші проректоры қызметтерін атқарған.

2013 жылдан осы кезге дейін Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.



ТӘЖІРИБЕ

САПАЛЫ НАН – ДАСТАРҚАН СӘНІ

Күнделікті тұтынып жүрген нан өнімдері қалай дайындалады және ұн сапасы қандай деген сұрақтар бүгінде барлығымызды ойlandsyрады. Жекелеген наубайханалардағы нан өнімін өндіру технологиясы, қамырды ашыту жұмысы көптің көптінен шыға бермейтіні рас. Өйткені, бір-екі күн тұрып қалған нанның жағымсыз иіс беруі немесе қамырланып, желіміше жабысып, жеуге келмей қалатыны рас. Көпшілік наубайхана иелері бұндай жағдайды ұн сапасынан көреді. Әсіресе, «Қызылорда қаржы компаниясының» Қостанайда жерілдірілген багада алдырп жатқан ұн сапасы нашар-мыс. Айтуларымыша, қар астында жатып қалған бидайдан жасалған ұн ығал әрі өзге тартылған ұндардай емес қарақоныр дегенді алға тартады.

ректоры Анатолий Маклаев.

Сонымен, іске кіріскен қостанайлық техноло мамандар жергілікті наубайханашыларға ұн сапасын жақсартатын түрлі қоспаларды араластырмауды сұрады. Алдымен 60 келі ұнға 20 литр қайнаған бірақ қанжылм сумен араластыру қажеттігін көрсетті. «Жалпы көлемі 80 келі болатын қамырдан 100 болже нан шығады. Осы қамырға аз да емес, көп те емес, туралағанда 370 грамм ашытқы, 350 грамм тұз қосылуы тиіс. Одан соң, қалыпты түрде ашыту, жарты сағат қамыр көтерілгенше тұрады» - дейді, арнайы келген техноло Гарик Шару-аян. Бар тәсілі тек қана технологиясына, ұннан келер қауіп-қатер қожқтығын жеткізді. Қостанайлық технолоғтардың өз қолымен ашытқан ұнынан қамыр илеп, оны



Өткен жұмада облыстық ішкі саясат және ауыл шаруашылығы басқармасы бірлесіп БАҚ өкілдеріне ұн сапасына орай туындаған олқылықты ашып берді. Облыс орталығында орналасқан ЖК «Қожасов» наубайханасында «Қостанай ұн компаниясының» техноло мамандары жергілікті наубайханашыларға Қостанай ұнынан нан ашыту технологиясымен таныстырды.

«Сапасына күмән келтірген қараша-желтоқсан айында бастырылған бидай ұны, расын айтқанда, өзге ұн өнімдеріне қарағанда төмендеу. Бірақ, қышқылдығын басып, жоғары сортты ұн араластырып нан жағамыз дегенше, қамыр ашытқысын дұрыс қолдана білуіміз қажет. Қазір осы айларда бастырылған ұннан нан өнімдерін жасап, қамырды ашыту тәсілдерін технолоғтарымыз көрсетеді» - дейді, «Қостанай ұн компаниясының» ди-

аштығын, нан пісіргенше 4 сағатқа жуық уақыт өтті. Нәтижесінде, қос пештен шыққан екі түрлі ұннан жасалған нан сапасы көңілден шықты. Қызара піскен бидай ұны енді үш-төрт күн сақтауға әрі жеуге де жарамды.

«Қеудеден жан кетпесе, ауыздан нан кетпейді» деген халық мақалын ескерсек, ересек ер адам күніне 300-400 грамм, ал ауыр дене жұмысын атқарған кезде 600-800 грамм нан жейді. Нанда 40-50 пайызға дейін көміртекті қосылыстар, сондай-ақ белок пен аздаған май бар. Бұл – нан күніне 600-1000 килокалория энергияны қамтамасыз етеді деген сөз. Адам нанды көп жейтін болғандықтан, оның құрамындағы өсімдік белоктары адамның белок жөніндегі жалпы қажеттінің кемінде 20-30 пайызын қамтамасыз етеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ДӘРІ БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Облыстық коммуникациялар орталығында республикалық медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аймақ бойынша департамент басшысы Шақизада Исағалиева БАҚ өкілдеріне дәрілік заттардың бағасын реттеу, азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету, отандық өнім тиімділігі барысы жайлы әңгімеледі.

— Елімізде дәрілік заттардың бағасын реттеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бірыңғай дистрибьютерден сатып алынатын дәрі-дәрмектерге жүргізіледі, — деді ол. — Ел Үкіметінің Қаулысына сәйкес азаматтарға жедел жәрдем шақырып, ем алғанда, амбулаторлық-емханалық көмек көрсету кезінде тегін немесе жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбесіне сәйкес босатылады. Ал дәрілік формулярға енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу ақылы негізде жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні сырттан келетін дәрі-дәрмектердің бағасы ел шекарасынан өту кезінде мемлекеттік тіркеу барысында бекітіледі. Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік

берілген көлемі шеңберінде сатып алынатын дәрі-дәрмектер бағасына қатаң шектеу қойылып, көтерме және бөлшек бағаларының нақты үстемелері бекітіледі. Республикада жылына 350-ге жуық дәрі-дәрмек тіркеледі, қазір олардың саны 7 мыңнан асты. Бір атап өтерлігі, өткен жылы стационарлық және амбулаторлық деңгейде берілетін дәрі-дәрмектердің, оның ішінде қымбат бағалы дәрілердің бағасы көтерілген жоқ және осы дәрілерді тегін пайдаланатын науқастар оның таршылығы мен нарықтық өзгерістерін көп сезіне қоймады. Себебі, ҚР Денсаулық сақтау министрілігі тарапынан дәрілік заттардың бағасын тұрақты ұстау, бағаның негізгіс көтерілуінің алдын алу және әлеуметтік алаңдаушылықты болдырмау мақсатында өнім өндірушілер және таратушылармен өзара Меморандум жасалып, жиі сұраныста болатын 200 атаулы дәрілік заттардың тізбесі бекітілді. Осының негізінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен аймақтағы дәріхана ұйымдары келісіп, сол дәрілердің бағасын тұрақты ұстауға пәтуаласы. Жүргізілген тексеру қорытындысы жалпы еркін саудадағы дәрі-дәрмектер бойынша бағаның өсуі жыл көлемінде 30 пайыздан аспағандығын, ішінара өзгерістер

болғанымен, соңғы жеті ай көлемінде бағаның бірқалыпты ұсталғандығын көрсетеді.

Диспансерлік есепте тұратын 48 ауру түріне қажетті 500 дәрі-дәрмек тегін немесе жеңілдігілген бағамен босатылады. Олардың арасында жүректің ишемиялық ауруы, артериялық гипертония, созылмалы жүрек жетіспеушілігі, жүрек қалқаншаларын протездеуіне кейінгі және басқа ауру түрлері бар. Қазіргі таңда дәрі-дәрмектер қант диабеті, пневмония, бронхиталды астма ауруымен ауыратын 18 жасқа дейінгі барлық балаға, сонымен қатар ҮОС ардагерлері, Алтын, Күміс алқа иегерлері, бірқатар мүмкіндігі шектеулі, туа бітті мүгедек жандарға тегін беріледі. Тегін ем алатын аурулар категориясы мен тегін берілетін дәрілер түрі жиі өзгертіледі. Себебі, тиімділігі төмен препараттар өндіріске жана ендіріліп жатқан тиімділігі жоғары өнімдермен, отандық дәрі-дәрмектермен ауыстырылып отырылады. Отандық дәрі-дәрмектердің жасалу технологиясы, науқасқа әсер ету тиімділігі топқұсқамен бірдей, тек оны жасауға жергілікті шикізат өнімі қолданылады. Сосын барып оның бағасы шетелдік өнімнен әлдеқайда төмен болады. Бір айтарлығы, отандық өнімдердің тиімділігі көңіл қуантарлықтай.

Департамент басшысы журналистердің сұрақтарына жан-жақты жауап берді.

Жұмағұл БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

ҚАС-ҚАҒЫМ СӘТ – БІР ӨМІР

Облыс орталығындағы А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде белгілі фототілші Болат Омарәлиевтің «Сурет – сезім серенадасы» атты фото-сурет галереясы аясында фотосуретшілер байқауы өтті. «Қас-қағым сәт – бір өмір» атты шараның өтуіне қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы ұйытқы болды.

Алдымен, «Сыр бойы» газетінің ардагері, фототілші Болат Омарәлиевтің көрмесі ашылды. Ұйымдастырушылар атынан аталған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ғалым Баймырзаев қала әкімі



Н.Нәлібаевтың құттықтау хатын табыс етті. Б.Омарәлиев еңбек жолын 18 жасында «Сырдария» газетінен бастаған. Екі жылдан соң облыстық «Сыр бойы» газетіне жұмысқа

шақырылып, жарты ғасырға жуық осы басылымда жемісті еңбек етті. 1979 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде ұйымдастырылған фотоконкурстың бірінші орнын иеленген жерлесіміз «Қазақ

станкая правда», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің конкурстарында да лауреат атанды. Жалпы қазақ фотожурналистикасының қалыптасуына айрықша үлес қосқан Болат Шамаұлы ұлттың біртуар тұлғаларының бейнелерін тарихта фотожурналистермен қалдырды. Қас-қағым сәтті қалт жібермейтін фототілшінің қоржынында естен кетпес естеліктер шынымен де көп екенін көрме барысында байқадық. Өйткені, араға уақыт салып қазақтың біртуар азаматтарының жастық шақтарын, сонымен бірге туған өлке мен оның тыныс-тіршілігін фотоның тілінде сөйлеткен жауһар өнер ел назарына ұсынылды. – Фототілші – айлакер аңшы секілді қағылез болуы керек. Ол – ойдың адамы. Түсіретін дүниесін іштей миында пісіріп жүруі керек. Сурет баспасөз бетіне шыққанда, астындағы сөзді оқымай-ақ, адам түсінетіндей болуы керек, қысқасы. Сондай үдеден шығу

үшін бір көріністі жүз мәрте түсіріп, кейде екі-үш күніміз арнаған сәттер болды, – дейді Болат Омарәлиев. Сонымен қатар, республикаға танымал фототілшінің көрмесі аясында ұйымдастырылған «Қас-қағым сәт – бір өмір» атты қалалық фотосуретшілердің байқауына ұсынылған туындыларды да көпшілік ерекше ықыласпен тамашалады. Бұл байқау Сырдың бас шаһарындағы фотографтардың өнерін халыққа кеңінен насихаттауды, олардың шеберлігін шыңдауды, кәсіби деңгейін көтеруді мақсат тұтты. Талап бойынша, байқауға қатысушылар Қызылорда қаласының көркін паш ететін суреттер, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 20 жылдығы, сондай-ақ еркін тақырыпта суреттер ұсынды. Байқау жұмыстарын фотограф Болат Омарәлиев, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Дүйсенбек Аяшұлы және режиссер-сценарист, ақын Оңталап Нұрмаханов бағалады. Нәтижесінде «Сыр медиа» серіктестігінің жас фототілшісі Нұрболат Нұржаубай бірінші орынды иеленді. Келесі жүлделі орындар Н.Қайратовқа, В.Воробьев пен Е.Қойшыбаевқа бұйырды. – Жеңімпаз болып, Болат ағамыздың батасын алып жатқаным өте қуаныштымын. Шығармашылығымызды шыңдауға серпіліс жасаған ұйымдастырушыларға алғысымды айтамын, – дейді байқау жеңімпазы Нұрболат Нұржаубай. Айта кетейік, байқау фотокөрмесін ақпан айының 24-іне дейін тамашалауға болады. Ал Болат Шамаұлының көрмесі қалалық мәдениет үйінде жыл бойына көрсетілмек.

Дәурен ОМАРОВ.

ҒАЛАМ ҒАЖАЙЫПТАРЫ

МЫСЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН РОЯЛЬ



Естімеген елде көп. Ұлыбританияның ғалымдар тобы ветеринарлар және дыбыс режиссерлерімен біріге отырып жана рояль ойлап тапты. Оның клавиатуралары арқылы шыққан дауыс тек мысықтарға ғана естіледі. Осы мақсатта арнайы концерт те өткізілді. Концерттің түгелге дерлік көрермені мысықтар болды. Рояльды тартқан адам The Backstreet Boys және Jay Z топтарының әуендерімен қоса, «Болашақтан кері қарай» фильмінің саунд-трегін орындады. Мысықтарға арналған әуендер 64000 Гц толқынында орындалды. Бұл диапазонды тек мысықтар ғана ести алатын көрінеді. Ойналған әуендер мысықтарға қатты ұнаған секілді. Олар клавиатура үстіне секіріп мініп, өздерінше әуен орындауға талпынған екен.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаменті Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 санды «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс туралы» Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 2 шілдесіндегі №267 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес 8(7242) 27-05-47 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаменті басшысы	Жеке тұлғаларды қабылдау кестесі	Сәрсенбі сағат 16.00 - 18.00
Шермағанбет Мейрамбек Зинабидиұлы		

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылғы 04 ақпандағы ұйғарымымен «Ел Қонды» ЖШС-не қатысты оналту туралы іс қозғалды. Талашағымдар мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Қуатов Оразбайдың атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Комсомол ауылы, Әл-Фараби көшесі, №608 кварталына берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-016-129, №0185446) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Нуртаев Бауыржан Сайлаубековичтің атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылындағы №137 орта мектепті 17.06.1996 жылы бітіргені жөнінде берілген ОА-ІІ №0279827 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Джалгасбаева Бисенкуль Ақжолвананың атына Қызылорда совхоз-техникумын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша 22.06.1994 жылы бітіргені жөнінде берілген ІІТ І №429569 (рег. №793) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Дүйсенов Сағындық Қайратұлының атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Ұ.К.Томанов атындағы №183 орта мектептің 9 сыныбын 20.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0467885 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Медеуов Ербол Темирхановичтің атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төртатам кентіндегі №80 орта мектепті 20.06.2008 жылы бітіргені жөнінде берілген №0157603 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы 8(7242) 23-56-07 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Басшылықтың азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты
Қарлыханов Әділхан Қарлыханұлы	Инспекция басшысы	Дүйсенбі-жұма сағат 9.00-18.00
Нұрсейтов Жұмахан Батырбайұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Дүйсенбі-жұма сағат 9.00-18.00

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңының 7-бабы 7-3) тармақшасына сәйкес «Қызылордажылу-электрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2015 жылдың 4 наурызында сағат 11.00-де Марал ишан көшесінде орналасқан осы мекеменің мәжіліс залында 2014 жылдың жылдық тыңдау есебі тұтынушылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өткізілетінін хабарлайды.

«Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын әкімшілігі.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2015 жылдың 12 ақпанында сағат 10.00-де Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың акт залында «2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Салық кодексіне енгізілген өзгерістер» тақырыбында семинар-кеңес өткізілетінін хабарлайды.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроКазакстан Күмкөл Ресорси» АҚ «Арысқұм кенішіндегі газ жинау жүйесі. Арысқұм кенішіндегі газ тарту бекетінен (ГТБ) №AR-196 ұңғымаға дейін газ айдмалау желісін тарту» және «Күмкөл кенішіндегі ГТҚ полигонын кеңейту» жұмыс жобалары жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолдандығаны жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

«ПетроКазакстан Күмкөл Ресорси» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Арысқұм кенішіндегі газ жинау жүйесі. Арысқұм кенішіндегі газ тарту бекетінен (ГТБ) №AR-196 ұңғымаға дейін газ айдмалау желісін тарту» және «Күмкөл кенішіндегі ГТҚ полигонын кеңейту» жұмыс жобалары жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолдандығаны жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ

2015 жылдың 9 ақпанында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, ұлағатты ұстаз Сейсенов Бақытбек Сейсенұлы 75 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Бақытбек Сейсенұлы 1941 жылы 23 наурызда Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Ақтобе ауылында дүниеге келген. Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын «Физика және жалпы техникалық пәндер» мамандығы бойынша 1964 жылы бітірді.

1964-1968 жылдары Жамбыл облысы, Свердлов ауданындағы Чапаев колхозының орта мектебінде, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы №113 орта мектепте, Қызылорда қаласындағы №140 орта мектепте физика-математика пәндерінің мұғалімі қызметін атқарды.

Бақытбек Сейсенұлы 1968 жылдан бастап өмірінің соңына дейін университетте оқытушы, аға оқытушы, доцент, кәсіподақ ұйымының төрағасы, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, профессор қызметтерін абыроймен атқарды. 4 монографияның, 80-нен астам ғылыми еңбектің авторы.

Ұлағатты ұстаз Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген еңбегі және көп жылғы жемісті ұстаздық қызметі үшін Білім министрлігінің грамотасымен (1986), Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі төсбелгісімен (1990), ҚР Президентінің Алғыс хатымен, Қызылорда облысы әкімдігінің және мәслихатының Құрмет грамоталарымен (2001, 2010) марапатталды. 2010 жылы «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. 2011 жылы ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері белгісімен марапатталды.

Саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуге арнаған Бақытбек Сейсенұлының өнегелі өмірі мен ұстаздық еңбек жолы жастарға, шәкірттеріне үлгі-өнеге.

Ұстаз-ғалымның абыройлы істері мен азаматтық жарқын бейнесі әріптестерінің және шәкірттерінің есінде ұзақ сақталатын болады.

Бақұл болыңыз, аяулы әріптес, ардақты азамат.

Жаныңыз жаннатта болсын, нұрңыз пейіште шалқысын деген көңіл қошыммен марқұмның отбасы мен туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ұжымы.

Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінің ұжымы «Қызмет» колледжінің директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор

Бақытбек Сейсеновтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Қызылорда облысы ТЖД бастығы С.Өмірзақовқа Қырғызстан Республикасы Баткен облысы, Қадамхан ауданы, «Сыр» селосының азаматтары Салиев Тұрғұқали, Жапарова Айымбүбіден хат келді. Онда былай делінген:

«2015 жылдың 4 ақпанында түнгі уақыт 01.30 сағат шамасында «Самара-Шымкент» автотрассасының 1502 шақырымында «ДАФ-АЕ45LF» маркалы жүк көлігіміз бұзылып қалды. Біз «112» желдел көмек көрсету нөміріне қоңырау шалдық. Бірнеше минуттан соң келген Қазалы ауданы ТЖБ қызметкері Қалиев Алтынбек бізді жатар орынмен, ыстық шаймен қамтамасыз етті. Барлық қажетті жағдайды жасады. Сөйтіп құтқарушылардың көмегімен қауіптен аман қалдық. Сіздің қызметкерлеріңізге шың жүректен денсаулық, бақыт тілейміз».

Тәуелсіз еліміздің тірегі, алтын діңгегі – оның қасиеті ана тілінде. Қасиеттілігі сол – қазақ ұлтының басынан кешкен небір алмағайып замандарда іргесі сөгілмей, болаттай берік болуының мәні оның табиғат берген қайсар мінезі мен қуаты тілінде жатыр. Адам баласы дүние есігін ашып, есі кіре бастағаннан-ақ адамдық қасиеттерді, әдептілікті, ізгілік пен ізеттілікке толы халықтың нұрлы, асыл сөздерін, тілдің жан тербетер әсер күшін ана тілінде ұғып үйренеді. Ол ананың ақ сүтімен бойымызға қоса даритын тіл мұрасын бар байлығымен, көркемдік қуатымен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, сөз жасап дамытушы, тілді мейлінше қастерлеуші.

АНА ТІЛІМ – АЛТЫН ДІҢГЕГІМ

Әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын, атамекенін қалай білуімен өлшенбек. Ананың ақ сүтімен уызынан жарыған адам қашанда Отаншыл, ұлтжанды болмақ. Қазақтың біртуар Абайы, «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деп тегін айтпаған. Халқымыздың ардақты перзенті Ахмет Байтұрсынұлы да тілінен айрылған жұрттың өзіне тән барлық қасиетінен айырылатынын көрегендікпен тауып айтқан. Ал, сөз зергері Ғабит Мүсірепов, «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту, бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деп ашына айтқан болатын.

Асыл сөздің мәйегін құнарлы әрі бай, көркем де келісті сөз өрнектерін біз ана тілімізден табамыз. Балаларымыздың ана тіліне деген сүйіспеншілігі, қызығуы, құрметтеуі отбасынан бастау алады. Әрі қарай тәрбие ұясы – балабақшада, мектепте жүйелі де мазмұнды іс-әрекеттер арқылы жалғасын табады.

Өзімің тәрбиеші ретіндегі өмір тәжірибемде көңілге түйгенім, санасы ақ қағаздай таза болғандардың, тілі шыққан сәттен бастап-ақ көп нәрсені үйреніп алуға ұмтылатыны байқалады. Былдырлап сөйлеп, айналасындағы құбылыстарға еліктейді, барлық нәрсенің атын білсем деген ынта-қызығушылық сезіледі. Сұрақтарды көп қояды. Осы кезеңде көптеген субелі жұмыс, іс-әрекет керек. Ана тілінде сөздік қорын молайтуға, ойлау қабілетін арттыруға өрелі күш салынады. Суреттермен жұмыс жасап, танымдық, әдеби, ойын-сауықтық шараларды көп жүргізу, тақпақтар жаттау, жаңылтпаш айту, ертегілер оқу, жұмбақ шешу, ойын айту жұмыстары бүділіршін тілінің ерте қалыптасуына әсер етіп, ана тіліне деген үмітті ой зердесін ашады.

Бұл әрекеттер арқылы бүгінгі өскен ұрпағымыздың санасына ана тілінің қадір-қасиетін терең ұғындырудың іргетасын қалап, тәлім-тәрбиенің баспалдағына қадам бастырамыз. Өзгеге сыйлы, танымал болуын үшін, әуелі өз тіліңді қадірлеп, оның қоғам алдындағы абырой-атағының есселей түсуіне зор үлес қосқан орынды. Бала – болашағың демекші, елдің келешек тұтқасын ұстайтын жастарымыз мемлекеттік тіл – қазақ тілінде көсіліп, мақалдап, мақамдап, шебер сөйлеп тұрса қандай абырой десеңші? Ендеше, еліміз енесілі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болуы үшін тілімізге неміқұрлық қарамай, мерейін көтеріп, қастерлеу мен қадірлеу – ана тілі алдындағы перзенттік борышымыз.

Дәмәуіл ЖАҚСЫЛЫҚОВА, ұстаз. Сырдария ауданы.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

өлөумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 234-07

Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 459-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламыз тапсырғы бойынша төленеді, қолжазба еңбегі және қайтарылмайды.

Жарияландыр газетті түркілік көзқарасын білдірмейді. "АҚ" мақалы ызымет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазақша" - 23-64-51, "Ерқазақ" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24726

Тапсырғы № 132

Электронды оқылым 28000.